

ӘОЖ 316.74(574)

**ДІНИ САУАТСЫЗДЫҚПЕН КҮРЕС ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕСІ  
РЕТІНДЕ**

**Тұрар Дәрия Қайратқызы**

[daryavey18@mail.ru](mailto:dariyavey18@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің «Саясаттану» мамандағының 2-  
курс студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
Ғылыми жетекші – доцент Көпежанова Д.Е.

Діни сауатсыздық бүгінгі таңның ең өзекті мәселесі ретінде танылып отыр. Ең алдымен сауатсыздық сөзінің нені білдіретіндігін ашып алайық. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «сауатсыздық» сөзі:

- Білімі нашарлау, белгілі бір нәрседен түсінігі шамалы;
- Қандай да бір істің негізін білмеу деген түсіндірме берілген [1]. Яғни, сауатсыздық – білімсіздіктің салдары деген қорытынды шығаруға болады. Сауатсыздық бүкіл халықтың дерті. Онымен күресу – барлығының парызы. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі Нұрлан Ермекбаев: «Бұл мәселедегі әлеуметтік-экономикалық салдарлардың өз орны бар. Қазір жаһандану процесі жүріп жатыр, кез-келген адам ғаламторға кіріп, деструктивті ағымдардан ақпарат ала алады. Әр адам тұлға ретінде идеологиялық және саяси жағынан дайын болып, діни ұйымның қызметі туралы өзіндік пікірі болуы керек. Сол себептен радикализацияның

себептерінің бірі - діни сауатсыздық болып табылады» деп атап көрсетті.[2] Жалпы, діни сауатсыздық діннің негізін, оның шарттары мен маңызын білмеуден, діннің нені адал нені арам дейтіндігін білмеуден шығады. Діни сауатсыздықтың өзектілігі неде дейтін сұраққа жауап біреу ғана – дінді түсінбей жат ағымға еріп, адасушылыққа бой алдырып өзге елге соғысуға аттану. Нақтылай кетсек, **діни сауатсыздық – адасушылыққа әкеп соқтырады**. Ал адасушылық діни төзбеушілікке, төзбеушілік өз кезеңінде ұлттың бірегейлігіне зиян келтіріп, елдің тұрақсыздануына алып келеді. Қазақстан Республикасының Бахрейн Корольдігіндегі Төтенше және Өкілетті Елшісі Берік Арын: «Діни сауатсыздық - біздің қоғамымыздың бірлескен күш-жігермен шешуі қажет проблемаларының бірі, өйткені ол ұлттың ортақ рухани денсаулығына, отбасы және азаматтық қоғам сияқты базалық институттардың сақталуына әсер етеді» деген.[3] Бұл проблемалық тізбектің алдын алу үшін халықтың арасында кең көлемде ағартушылық жұмыстарын жүргізу қажет деп есептейміз. Осы тақырыпқа байланысты ЖОО студенттері арасында жүргізілген сауалнамаға тоқталатын болсақ, «Дұрыс бағыттағы діни түсінікті кімнен, қайдан аласыз?» деген сұраққа респонденттер 4 түрлі нұсқа бойынша жауап берді. Респонденттердің көпшілігі, яғни 65%-ы интернет желісінен, 17%-ы ата-анасынан, 9%-ы мешіт қызметкерлерінен, 9%-ы діни кітаптардан алатындығын айтқан.



Диаграмма 1.

Мақалада келтірілетін 2 сұрақ. Респонденттердің 100%-ы ел тұрғындарының діни сауаттылық деңгейі жеткіліксіз деген жауап қайтарған. Сауалнама ЖОО студенттерінен алынған.




Диаграмма 2.

Сауалнама қорытындысына келетін болсақ, діни сауаттылықты арттыру еліміздің ең өзекті мәселелерінің бірі. Діни сауатты адамдар - Қазақстанның жарқын болашағы.

Қазақстан – 130-дан астам ұлт өкілдері тұратын зайырлы мемлекет. Мемлекетіміз жүргізетін саясат ұлттар арасындағы татулықты сақтап қана қоймай, олардың өзара түсіністікте, тең құқықта өмір сүруін қамтамасыз етуде. Алайда діни адасушылық, жат елге соғысқа аттану елімізді айналып өткен жоқ. 2011 жылы 17 маусымда болған Ақтөбе қаласындағы теракт, сол жылдың 31 қазан айында Атырау қаласындағы, 3 қараша Алматы облысы, 12 қараша Тараз қаласы, 2012 жылдың 11 шілде, 14 тамыз Алматы облысы, 14 қыркүйек Атырау қаласында қатарынан болған 7 теракт тіркелді. Бұл терактілерді жасаған адамдар кімдер? Статистикалық ақпараттарға сүйенсек:

	2010	2011	2012
Терроризмге қатысы бар күдікті саны	8	44	81
Қылмыстық жауапкершілікке тартылғандар саны	8	33	79

Кесте 1.

Салыстыратын болсақ, 2010 жылмен 2012 жылдың арасында күдікті саны 73 адамға өскен. Демек, террористер саны артып келеді. Зерттеу мен салыстыруларды жалғастыратын болсақ, ендігі кезек терроризмге баратындардың жасын, тұрмысын, айналысқан ісін, бұрын соңды жазаға тартылып-тартылмағандығын қарастырамыз.

2010 жылы: 21-29 жас аралығы – 5 адам; 30-39 жас аралығы – 3 адам.

2011 жылы: 18-20 жас аралығы - 2 адам; 21-29 жас аралығы 44 адам; 30-49 жас аралығы 18 адам;

2012 жылы: 17 жастағы 1 адам; 18-29 жас аралығы 61 адам; 30-49 жас аралығы - 19 адам құраған.

Берілген мәліметтерді талдайтын болсақ, барлық 166 адамның 99-ы 21-39 жас арасындағы ер азаматтар. Орта жастағы азаматтар басымдыққа ие.

Террористер бұған барудан бұрын немен айналысты?

2010 жылы: мемлекеттік қызметкер – 1 адам; әскери қызметкер – 1 адам; тұрақты жұмысы жоқ – 6 адам.

2011 жылы: тұрақты жұмысы бар – 7 адам; кәсібі бар – 2 адам, тұрақты жұмысы жоқ – 34 адам.

2012 жылы: тұрақты жұмысы бар – 6 адам; ЖОО студенті – 1 адам; тұрақты жұмысы жоқ – 71 адам тіркелген.

Осыдан байқағанымыз, террористердің негізгі үлесін тұрақты жұмыс орны жоқ адам алып отыр (140 адам). [4]

Қорытындылай келе, террористердің көбі орта жастағы, тұрақты жұмыс орны жоқ ер азаматтар. Бұл діни сауатсыздықтың кесірі деп білеміз. Яғни, діни сауатсыз адамды осындай діни шиеленісті мәселелерге оп-оңай арбауға болады.

Елімізде дін саласында айтарлықтай қарқынды жұмыстар жасалып жатыр. ҚР ҰҚК терроризмге қарсы орталығы басшысының орынбасары Сергей Швейкиннің айтуынша, Қазақстанда деструктивті ағымды ұстанатындардың саны 20 мыңнан асады. Оның айтуынша, олардың көбі Атырау мен Түркістан облысында, Қарағанды мен Ақтөбе облыстарында, Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларында. Бас мүфтидің айтуынша, имамдардың жасаған жұмыстарының нәтижесінде елімізде жыл сайын 500-ден астам азамат деструктивті ағымнан бас тартады екен. Қоғамда діни-экстремистік идеологияға қарсы түсінік қалыптастыруды, дінге қызығушылық танытатын тұрғындардың сауатын көтеруді күн тәртібінен түсіруге болмайды. Ал жат ағымдағыларды оңалту – ортақ міндет. Әсіресе тұрғындардың дін саласындағы мәселелерге қатысты сауатын арттыру, ақпараттандыру және түсіндіру, сондай-ақ, дәстүрлі рухани құндылықтарды кеңінен насихаттау арқылы ұлттық

бірегейлік пен тұтастығымызды нығайта аламыз.[5] Ал жат елге соғысуға кеткендерді мемлекет тарапынан құтқару шарасы – «Жусан» операциялары. Операцияның басты мақсаты – Сирия еліндегі ҚР азаматтарын, оның ішінде балаларды құтқару.

Жалпы «Жусан» операциясы 3 кезеңге бөлінді:

«Жусан-1»	6 қаңтар 2019
«Жусан-2»	7-9 мамыр 2019
«Жусан-3»	28-31 мамыр 2019

Кесте 2.

Операция барысында құтқарылған адам саны:

	Әйел адамдар саны	Бала саны
«Жусан-1»	11	30
«Жусан-2»	59	156
«Жусан-3»	67	171
<b>Барлығы</b>	<b>137</b>	<b>357</b>

Кесте 3.

«Жусан» құтқару операциясына SWOT–талдау.

<b>S. КҮШТІ ЖАҚТАРЫ:</b>	<b>W. ӘЛСІЗ ЖАҚТАРЫ:</b>
<ol style="list-style-type: none"> <li>1. ҚР азаматтарының қауіпсіздігіне кепілдік беру;</li> <li>2. Балаларды қауіпті жерден құтқару;</li> <li>3. Балалардың жарқын болашағына кепілдік беру.</li> </ol>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Құтқару процесі кезінде террористердің қолына түсіп қалу;</li> <li>2. Құтқарылған адам арасында тыңшы, сатқынның болу мүмкіндігі;</li> <li>3. Құтқарылған адамдар жұқпалы аурумен ауру қатері.</li> </ol>
<b>O. МҮМКІНДІКТЕРІ(АРТЫҚШЫЛЫҚТАР):</b>	<b>T. ҚАУІП-ҚАТЕРЛЕР:</b>
<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Бұл операция Қазақстан Республикасын өз азаматтарын қиын жағдайда қалдырмайтынын көрсетті;</li> <li>2. Қазақстан Республикасының осындай ірі әрі қауіпті операциялар жүргізе алатынын тәжірибе жүзінде көрсетті;</li> <li>3. Көрші, шет елге үлгі болу мүмкіндігі;</li> <li>4. Операцияға әскери ұшақтар, қарулы күш әскері, әскери дәрігерлер, психологтар тартылды. Бұл дегеніміз – БІРЛІКТІҢ көрсеткіші.</li> </ol>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Құтқару процесі кезінде террористердің қолына түсіп қалу;</li> <li>2. Түсіп қалған жағдайда адам шығынының орын алу қатері.</li> </ol>

Кесте 4.

Мәселенің түйіні ретінде ұсынарымыз:

1. Адасушылықтың алдын алудың бірден бір жолы – ағартушылық. Қазақстан мұсылмандарының басын біріктіру жолында – Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы аянбай еңбек етіп келеді. Бірнеше бағыттар бойынша жүйелі жұмыс жүргізілуде. Соның ішінде 2015 жылы ҚМДБ жанынан құрылған Ғұламалар кеңесін атап өтуге болады. Бүгінде Ғұламалар кеңесі қоғамдағы күрделі тақырыптар бойынша пәтуалар шығаруда. Сол себепті де Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы жамағат арасында дәстүрлі Ислам құндылықтарын жайып, деструктивті теріс ағымдармен күресуді қолға алуда.[6] Яғни, адасушылық пен сауатсыздық бұрыс ақпараттандырудан басталады. Бұл жағдай кең етек жаймау үшін тек сенімді, расталған ақпаратқа жүгіну керек.

2. Шектеулер мен тыйым салуларға шектен тыс ұмтылушылықтың орнына, адамдарды байсалды түрде көңіл аудартуға ұмтылдыру. Себебі, Ислам діні бейбітшілік пен сүйіспеншілік діні. Ислам дінінің мақсаттарының бірі: адамзатқа деген сүйіспеншілік, адам құқығына құрмет етуді жүрекке орнықтыру арқылы қоғамдағы бейбітшілік пен тыныштықты сақтау болып табылады.[7]

3. Кез-келген адам білімсіздік салдарынан адасушылыққа басыу мүмкін. Мұның алдын алу ең алдымен адамның өзіне байланысты. Күнделікті өзін-өзі жетілдіру, білім көкжиегін кеңейту, өзін-өзі жан-жақты дамыту – әр тұлғаның жеке міндеті деп білеміз. Өйткені, көзі ашық, білімді, жан-жақты дамыған адамды арбау мүмкіншілігі өте төмен!

4. Діни терминдерді үстірт және шектеулі түрде түсінуден (экстремистердің түсіндірмелері адасуға апараты, мысалы, «күпір»-сенбеушілік, «ширк»-көпқұдайлық, «иман»-сенім, «мұнафық»-екіжүзділік, «джахилидік»-білімсіздік, «жиһад»-күрес және т.б. түбегейлі ұғымдар), оларды талқылау мен бұқаралық түрде сауатты түсіндіруге өту. Өзінің барлық сәйкес келетін себептерімен, пиғылдарымен, түрткілерімен қоса алғанда діни экстремизмнің жай мәселе емес екендігі оны шешуде күрделі және жүйелілік тұрғыны талап етеді. Шешімнің кешенділігі дағдарыстың сан алуандығымен шарттасуы қажет, бірақ сауалдың іргелі мәнін түйсіну керек: діни экстремизм, алдымен психологиялық, әлеуметтік, экономикалық және саяси өлшемдермен байланысты.

#### Қолданылған әдебиеттер тізімі:

[1] – Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі/ Жалпы редакциясын басқарған Т. Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – Б. 715-716.

[2] -

[https://total.kz/ru/news/religiya/ermekbaev\\_na\\_pochve\\_religii\\_v\\_kazahstane\\_idet\\_vrazhda\\_vnutri\\_semi\\_date\\_2017\\_09\\_18\\_11\\_53\\_02](https://total.kz/ru/news/religiya/ermekbaev_na_pochve_religii_v_kazahstane_idet_vrazhda_vnutri_semi_date_2017_09_18_11_53_02)

[3] - <https://www.kazpravda.kz/news/obshchestvo/religioznaya-bezgramotnost-ostaetsya-odnoi-iz-problem-nashego-obshchestva--vitse-ministr-arin>

[4] - [https://vlast.kz/obshchestvo/statistika\\_kazahstanskogo\\_terrorizma-747.html](https://vlast.kz/obshchestvo/statistika_kazahstanskogo_terrorizma-747.html)

Статистика казахстанского терроризма.

[5] - <https://kazislam.kz/%d0%b6%d0%b0%d1%82-%d0%b0%d2%93%d1%8b%d0%bc%d0%b4%d0%b0%d2%93%d1%8b%d0%bb%d0%b0%d1%80%d0%b4%d1%8b-%d0%be%d2%a3%d0%b0%d0%bb%d1%82%d1%83-%d0%be%d1%80%d1%82%d0%b0%d2%9b-%d0%bc%d1%96%d0%bd%d0%b4/?lang=ru>

[6] - <https://www.muftyat.kz/kk/articles/edification/2019-08-28/18415-adasushyilyityi-aldyin-aludyi-zholyi-aartushyilyi/>

[7] - <http://islam.muftyat.kz/kk/islam-degen-ne/>